

4. Байтұрсынов А. Ақжол. — Алматы: Жалын, 1991
5. Бейсенбай Кенжебаев «XX ғ. Басындағы әдебиет» Алматы «Білім» 1993 жыл
6. С.Қирабаев, Қ.Мырзағалиев «Қазақ әдебиеті» оқулығы 10-сынып Алматы «Мектеп» баспасы 2006 жыл
7. <https://articlekz.com/kk/article/16382>
8. Сейфуллин С. Ахмет Байтұрсынұлы елуге толды // Байтұрсынов А. Ақ жол. - Алматы: Жалын, 1991.

А. БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ЭПИСТОЛЯРЛЫҚ МҰРАСЫ

*Дуйсенбаева Ф.А,
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі, магистр
Ә.Бөкейханов атындағы №1 гимназия
Тараз қ., Қазақстан*

Эпистолярлық жанр – адресатқа хабарлама жіберуге арналған әдеби жанр. Грек тілінен аударғанда "эпистола" хат немесе хабар деген мағынаны білдіреді. Ал әдебиеттану терминдер сөздігінде: «Эпистолярлық әдебиет – хат түрінде жазылған көркем шығарма», – деп берілген [1,376]. Сонымен қатар, сөздікте кең мағынасында ақын-жазушылардың, қоғам қайраткерлерінің, ғалымдардың хаттарын да эпистолярлық әдебиетке жатқызады.

Шетел мәдениетінде эпистолярлық мұраны сақтау, зерттеу, шығару ісіне аса ден қойған. Әсіресе, Еуропада хатқа ерекше назар аударған халықтар -ағылшындар мен француздар. Ғалым Қ.Ергөбек:«Кезең кезеңде мәдениеті өркендеген бұл екі халық қарапайым бұқара хатынан мемлекет аралық саяси мәні бар хаттарға дейін қастерлеп сақтайтын әдет тапқан. Олар әсіресе, әдебиет пен өнер қайраткерлері жазысқан хаттарға ерекше назар аударды», – деп бағалайды [2,425]. Аталмыш елдердің эпистолярлық жанрға ұқыптылығының тағы бір дәлелі – әрбір үйдің шаңырақ қазынасын сақтауға ерекше көңіл бөлетіндігі. Әсіресе, ата-бабасының хаттарын қастерлей білген. Осы хаттардың негізінде әулеттік көркем туындылар жазылған. Мысалы, Андре Моруаның «Өмірбаян» атты әңгімесі өзінің әжесі мен атақты ақын Байронның арасындағы хаттардың негізінде жазылған.

Француздар хатты сақтауға ерекше көңіл бөлген. XIX ғасырдың ортасында қазақ жеріне қоныс аударған А.Янушкевич хаттарын француздардың ұқыпты сақтауының нәтижесінде 1861 жылы Парижде «Қазақ даласындағы сапардың күнделіктері мен хаттары» атты кітап жарық көреді. Кейін бұл хатты сақтау мәдениеті орыс ұлтына да жеткен. Эпистолярлық мұра орыс әдебиетінде ұзақ, әрі жемісті ғылыми зерттеу нысаны болды. В.А.Кухаренко, Я.Х.Нижникова хатты мәтін түрі ретінде, Н.С.Степанов, Е.Г. Виденева, А.С. Григорьева, П.В.Веселов, Е.М. Гуртуева, Т.Н. Казеко, Н.В. Овчинникова т.б. хаттың түрлерін, О.В.Никитина, Е.Б.Арутюнян, В.М.Блинохватова, Р.И.Лихтман, Ю.В.Макаркина, В.В.Паршинова, Н.Г.Попиль эпистолярлық мәтіндердің құрылымдық-композициялық, коммуникативті-композициялық және лексика-семантикалық ерекшеліктеріне талдау жасау ұсынылды. Хаттың сан алуан аспектілері де сараланды: лингвостилистикалық (Т.П.Зорина, Ж.Кецба), лингвопрагматикалық (Т.В. Ковалева), социолингвистикалық (З.М. Данкер); хаттарды қараудың кешенді тәсілдері (Е.М. Виноградова, О.Цыцарина. Ал әдеби қырынан кезең-кезеңге бөліп, кейде жеке ақын-жазушылардың мұрасына зер салған.

Орыс әдебиетінде «Әдеби жәдігерліктер» («Литературные памятники») сериясы бойында патша, князь, елшілердің, ақын-жазушылар мен өнер қайраткерлерінің, ғалымдардың хаттары том-том болып жарық көрді. Оған «XVIII ғасырдағы орыс

жазушылары хаттары», И.Грабарь хаттарының үш томдығы, Томас Манн хаттарының бір томдығы т.б. жарық көрді.

Шетел әдебиетінде эпистолярлық мұрани тарихи деректерден жоғары қояды. Оған бірнеше себеп бар. Хаттарда ішкі сезім, көзқарас көрінеді. Бұның барлығы мәселенің психологиялық астарына үңілуге итермелейді. Мәселенің шын мәнінде қандай болғанын ашуға кілт бола алады.

Жалпы хатта оқиға, ондағы сезім нанымды келеді. Н.В.Сапожников эпистолярлық мәтіннің түзілуінде автор тек адресатпен ғана вербальды қарым-қатынас орнатпайтынын, оның ең алдымен өз-өзімен байланысатынын жазады. Хат арқылы адресат өз-өзімен дискурс жасай отырып, өзінің көзқарасы мен дүниетанымын көрсетеді. Хат осынысымен де тарихи деректен құндырақ.

Ал қазақ халқы «хат» дегенді өлең, кітап, жыр мағынасында қолданған. Мұның өзіндік себебі де жоқ емес. Халық ақындары өлеңдерін бір кісіге арнау түрінде айтқан, сондықтан өлең хат міндетін атқарған. Екі шалғай ауылда жатқан екі ақын өлеңдері арқылы есендесіп, пікір алыстырып, сөз қағыстырған. Бір-біріне арнайы жеткізсін деген ниет болмаса да, «Отыз тістен шыққан сөз, отыз рулы елге тарайды» демекші, өз адресатына жетіп отырған.

Екінші, «хат тану» ұғымының өзі хатты оқу, тану емес, кітап оқып, жаза алу мағынасында қолданылған. Үшіншіден, Құранның өзінде хатты кітап деп береді. Ислам діні тараған қазақ халқының ұғымы да, түсінігі де осыдан туындаса керек.

А.Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқыш» еңбегінде «заман хат» термині берілген. Оның анықтамасын: «Біреудің заманында болған тарихи уақиғадан яки өз ішінде болған істерден дерек беруі заман хат деп аталады», - дейді [3,259]. Бірақ егер әрі қарай оқи берсек, бұндағы хат сөзі «жазу» сөзімен астарласып жатқанын байқауға болады. Бұл да сол кезеңнің ұғымынан шықса керек.

Қазақ әдебиеттану ғылымында әлі күнге дейін хатты зерделеу, зерттеу ісі толыққанды қолға алынбай жатыр. Оның өзіндік себептері де бар:

- Қазақ ақын-жазушыларының көпшілігінде хатты сақтау мәдениеті, дәстүрі қалыптаспағандықтан, көптеген зерттеушілер эпистолярлық мұрасы аз болғандықтан зерттеу объектісі етіп алмайды,

- Архивке үңілу, ондағы қолмен жазылған сөздерді оқудың қиындығы мен қолжетімсіздігі;

Әрине, хаттар әр түрлі жинақтар да, тіпті М.Шоқай, С.Мұқановтың хаттары жеке кітап болап жарық көрді. Бірақ, әлі де шетелдегідей белең алмағанымыз жасырын емес.

Қазақ әдебиеті тарихында хат жазу дәстүрі көне Орхон-Енисей жазбаларынан бастау алады. Хаттың шарықтап дамыған тұсы – XX ғасыр. XX ғасырда хат тек қажеттілік қана емес, қарым-қатынастың мәдени үлгісіне айнала бастады. Олар хат алмасу арқылы әдеби, саяси-әлеуметтік мәселелерді шешіп отырды. Хаттардың көркемдік дәрежесі де, эстетикалық деңгейі де өсе бастады. Хат амандық сұрасудан гөрі, пікір алмасу, көзқарас білдіру, сөз таластыру құралына айналды. Мұндай хаттарға А.Байтұрсынұлы, М.Дулатұлы, М.Шоқай, М.Әуезов, С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов т.б. жатқызамыз.

Ұлт жазуының реформаторы, қазақ тіл білімінің атасы А.Байтұрсынұлының біршама эпистолярлық мұрасы жарық көрген. Шығармалар жинағының алтыншы томында Ленинге, Ә.Бөкейхановқа, М.Дулатұлына, еліне жазған және т.б. хаттары берілген. Олармен жазысқан хаттарының көпшілігі қызмет барысы, ел жайы туралы.

1920 жылдың 7 мамырында Қазақ әскери-революциялық Комитеті мен БОАҚ мүшесі Ахмет Байтұрсынұлы Ленинге хат жолдайды. Ревкомның он айлық жұмысына есеп береді. Жұмыстың дұрыс жүзеге аспай, берекелі болмау себебін Орталықтың өкілі мен халық арасындағы сенімнің жоқтығымен, орталықтың қазақ мәселесі жөнінде айқын көзқарасының болмауынан деп түсіндіреді. Ол: «Ұлттық езгі ұлттық сезім туғызбай тұра алмайды» деп Орталықтан келген адамдардың қазақ азаматтарына үстемдік танытып құл сияқты қарамай, езілгендерді азат ету арқылы халық арасына сенім орнатып, дәлелдеу

керек деп үндейді. Қазақтардың нені қалайтынын түсінгенде ғана ревкомның жұмысы жоғары өрлейтінін жеткізеді. Бұл хатта Ахмет Байтұрсынұлының саяси тұрғыда білімі бар екендігі байқалады. Қазақ халқының тұрмыс-тіршілігімен таныс ұлт көсемі қазақ жеріне жаңа қалыптасқан саяси жағдайда қазақ елін басқарудың тиімді жолын ұсынады. Мұндағы мақсат орыстардың бұратана халыққа тиіспеуінен туындаса керек. Ол орыстардан көрген зорлық-зомбылықты ашық айта отырып, Кеңес одағының ондайға жол бермейтінін қадағаласа деген ниеті бары көрінеді. Егер ескі қанау жалғасын тапса, жаңа билік ел сенімен ие бола алмайтынын айтады.

Ал Әлихан Бөкейхановқа жазған хатында (01.06.1925) жаңа емле бойынша 3 грамматика және қазақ әліппесін қайта басу туралы Қазақ мемлекеттік баспасымен келісімшарт жасалғаны, сол себепті А.Құнанбайұлының ғұмырбаянын кейінірек жазатынын ескертеді. Әрі өзінің Қазақ-қырғыз институтында оқуға ниетті екенін, профессормен жолыққысы келетінін айтады. Профессордың нақты аты аталмаған. Әлихан Бөкейхановтың жауап хатына қарағанда неміс профессоры делінеді.

Жалпы өз суретін жібермектігін, бірақ оны коммунистер қабылдамауы мүмкін екендігін айтып, коммунистерге баға береді: «Біздің коммунистер Мәскеу коммунистері секілді жартыкеш емес, нағыз 96-шы пробалы» [4,43]. Бұл арқылы қазақ коммунистерінің жұмысына артығымен берілгенін меңзейді.

Латын әліпбиі жөнінде жақында жиналыс өткенін айта отырып, әрі өзінің осы тұрғыдағы ойын жеткізеді: «Бізде үлкен және кіші әріп болмауы қажет, сонымен бірге тасқа түсетін әріп және жазбаша әріптің айырмашылығы байқалмағаны жөн», - деп түйіндейді [4,44].

Әлиханның Мәскеуден жазған жауап хатында (23.06.1925) Абай мен Ыбырай туралы күзге дейін бітіріп беруіне болатынын айтады. Сонымен қатар, әнші Ә.Қашаубаев Парижге кетпектігі, оның орындайтын әнінің мәнсіздігі туралы сөз қозғайды: «Ол бірде-бір ән сөзін білмейді ғой. Болмайтын нәрсені айтады. Мен оны бірыңғай әншілердің үйіне апарып ән салғыздырттым. Дауысын мақтастық, бірақ, ән салған кезде, мен қатты ұялдым. Айтқан әнінің сөзінде бір мән болсайшы» [4,45]. Басқа халықтар ұлттық киім киіп барса, ал Әміре орыс мешандарының киімін кимекші деп күйінеді. Әрине, бұл жерде Әміре туралы көзқарасы оң дей алмаймыз. Бірақ, дауысына емес, әннің мазмұнына мән беріп, мазмұнына баға беріп отыр.

Сонымен қатар, коммунистер туралы да өз ойын білдіреді. Нәзірді «сыншы емес» деп бағалайды.

Ал Міржақып, Мырзағазы, Ғазымбекке жазған хатында (31.12.1932) Архангелге бір ай бұрын келген Ахмет өзінің бұл жақтағы күн көрісінің нашарлығын айтып, жұмыста да орын жоқтығын айтып, інілеріне орын таба алмайтындығын хабарлайды.

1933 жылдың 26 ақпанында тағы да жұмыстың жоқтығын, күнкөрісінің нашарлығын айтады. Екі айдың ішінде өзгеріс ене қоймаған. Ақын осы хатында өзінің ішкі күйі, күйініші арқылы біршама әлеуметтік мәселелерді ашады. Ақын: «Қазір әбден арықтап, жүдеп болдым. Жылы киім жоқ, Күн мұнда аралдағыдай емес, өте суық», -деп әлеуметтік тұрмыс-тіршілігінің нашарлығын айтады.

Ә.Бөкейхановпен жазысқан хаттарында қызметтік, әріптестік қатынастан бөлек, достық қарым-қатынас анық байқалса, ал Міржақып Дулатұлына іні ретінде қарайды. Хатында Әлихан Бөкейхановты Әли, ал Ә.Бөкейхановтың жауабында Міржақыпты Мадияр лақап атымен атап жазады.

А.Байтұрсынұлының кейбір хаттары өлеңмен берілген. Қ.Ергөбек: «Қазақ әдебиетіндегі эпистолярлық жанрдың бір ерекшелігі – өзге халықтармен салыстырғанда, бізде хат – өлеңнің ертеден салынған жол, қалыптасқан дәстүрі бар», - деген ғалымның сөзі дәлелді [2]. Көне түркі кезеңінің өзінде хаттар өлең түрінде қашалып жазылған. Бұл туралы Қ.Ергөбек билік-жарлық шабарманның атынан өзгертіліп кетпесін деген ниетпен өлең түрінде жазылды деп тұжырымдаған. Ал, Т.Әсемқұлов «Хат-өлең – ұлттық поэзияның төл құбылысы», - дейді [5,20]. Хат-өлең көне замандардан нәр алған, тамырын

жайған дәстүрлі жанр. Көне жазба ескерткіштерінен бастау алады. Ұлы Түрк қағандарының тасқа жазып кеткен жазбалары хаттың алғашқы үлгілері болып саналады. Осы дәстүрді жалғастырған А.Байтұрсынұлының кейбір өлеңдері хатпен өрнектелген. «Анама хат», «Досыма хат», «И.Б.жездем хатынан», «Жауап хаттан» т.б. өлеңдерінде эпистолярлық жанрды пайдаланған. Сондықтан бұл аталмыш өлеңдерді де өлең хатқа жатқызуға болады деп есептейміз.

1909 жылы Семей түрмесінде қамауда отырғанда анасына хатын жазады. Бұл өлең хатында анасына деген сағыныш, отаршылдық, әділетсіздік, зорлық-зомбылыққа деген қарсылық т.б. сөз болады. Хат түрінде жазылған өлең сыршылдыққа толы. Ақынның жүрек түкпіренен жарып шыққан шынайы сезімдері, анасына деген сағыныш, ұлтына, еліне деген махаббат көрінеді. Ахмет Байтұрсынұлы бұл өлең хатында анасына жан сырын ақтарып, өзінің болашағы туралы айтады. Он жасынан бері жүрек түкпірінде мұң қалғанын да жасырмайды:

Оқ тиіп он үшімде ой түсіріп,
Бітпеген жүрегімде бар бір жарам...
Адамнан туып, адам ісін етпей,
Ұялмай, не бетіммен көрге барам?! [3,115]

Адресат осы өлең жолдарында өзінің адамдық ардан айнып кете алмайтынын, ұстанған бағытынан, ұстанымынан ажырамайтынын жеткізеді.

Тайталған талай жорға, талай тұлпар,
Тағдырдың кез болы тұр кермесіне.
Солардан жаным-тәнім ардақты емес,
Орынсыз күйзелемін мен несіне! [3,116].

Осы жолдар арқылы өзінің қайтпас қайсарлығы мен күрескерлігін көрсетеді. Ол абақтыға жабылғанымен, рухы бостандықта. Оның ойы мен алға деген ұмтылысын кісендей алмағанының көрсеткіші.

«Досыма хат» өлең хатында сол кездегі саяси мәселелер астарлы беріледі.

«Жауап хаттан» өлең жолында «жездесіне» ғана емес, бүкіл қазақ зиялыларына үн қатып тұрғандай. Ел жағдайын айтуға, ел үшін қызмет қылуға, батылдыққа үндейді:

«Мен бұқтым – жаттым,
Сен бұқтың – жаттың,

Кім істемек қызмет?!» [3],-дей отырып ауызбен айтып қоймай, іске көшейік деп үндейді. Ел үшін қамдануға шақырады. Ел бірлігі түзелгенде, зиялылар біріккенде ғана істің алға жылжитынын білген Ахмет Байтұрсынұлы осы хат арқылы үндеу жасайды.

А.Байтұрсынұлының елге сәлемі Шығыс Қазақстан облыс, Қотанқорағай ауылының тұрғыны Серікбай Мамырқанов арқылы жеткен. 1932 жылы Беломорда айдауда жүрген А.Байтұрсынұлын кездестіріп қалады. Ахмет еліне деген ыстық сезімін хат-өлең арқылы жолдайды. Бұл туралы Р.Сахыбекқызы «өзектен тепкен Отанына» өкпесін артпай, керісінше «өз ошағы, өлең төсегі - Қазақ еліне» шексіз махаббатын арнайды» [6,259]. 1989 жылы «Біздің Отан», «Қазақ әдебиеті» газеттерінде басылды. Осы өлең-хатында еліне деген сағыныш, ақыл-кеңес, ішкі сезімдері бәрі көрінеді. Жанына келген қазақ бауырына мойымауын сұрайды:

Не білгір, не данышпан – бәрі келген,
Жас та көп бұл арада кәріменен.
Танысып, талай жұрттың жайын біліп,
Жолдас боп жүрсің міне, бәріменен [4,51].

Інісінің бостандыққа шығарына сенеді. Ел жұртты менен бұрын көріп жатсаң деп, үш шумақпен қайырады:

Айтарсың, Ақ теңіздің аралында,
Айдалған ағаларым қамауында,
Баяғы көкsegені сенің бағың,
Жүрсе де бақташының қарауында [4,52].

Бұл өлең жолдары арқылы түрмеде жатса да ел қамын күйттеген елін сүйетін нағыз ұлттың көсемінің бейнесі көрінеді.

1937 жылы төртінші рет ұсталған А.Байтұрсынұлы түрмеде неше түрлі азапты көріп өзегі өртенген, қабағын мұң басқан ақын өзінің шерін тарқатқысы келеді. Сырлас інісі Файзолла Сатыпалдыұлына өлең хат арнайды. Хатта өз басына түскен қиындық пен әділетсіздік, сағыныш, күйініш т.б. эмоциялардың тоғысы баурап алғандай. Адресат өзінің соңғы хаты екендігін де түсінеді. Өзіне ажалдың жақындағанын да сезетін тәрізді. Өлеңнің алғашқы жолдарында өз өміріне, қоғамға өкпелі Аханды көрсек, кейінгі жолдарында өз мүддесін, өз эмоциясын ысырып, әділет жолында тайсалмайтын қайсар рухты бейнесін, ел үшін еміренген ұлттың ұйытқысы екенін көрсетеді.

Ахмет Байтұрсынұлының біз тапқан хаттары осылар. Бірақ, осылардың өзінде сезім мен дүниеге деген көзқарасы айқын көрінеді. Өмір белестері, ақынның ішкі жан дүниесі, шынайы сезімдері хатта көрінеді. Хат осынысымен де құнды.

Қорыта келе, Ахмет Байтұрсынұлының эпистолярлық мұрасының әлі толық жарық көрмегенін байқауға болады. Ендеше ұлт көсемінің хаттарын жинау, жариялау ісі қолға алынуы керек деп ойлаймыз.

Алаш зиялылары, С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов т.б. ақын-жазушылардың, мемлекет қайраткерлерінің эпистолярлық мұрасын зерттеп, зерделенуі қажет. Сонда ғана эпистолярлық жанрдың қазақ әдебиеттануындағы даму тарихын бағамдай аламыз. Сонымен қатар, тарихи, әдеби мәселелерді шешу де ықпалы зор болары анық. Ол үшін архивтегі эпистолярлық мұраны мемлекеттік деңгейде шығаруға көңіл бөлінуі керек деп ойлаймыз.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Әдебиеттану. Терминдер сөздігі (Құрастырушылар: З.Ахметов, Т.Шаңбаев) Алматы: Ана тілі, 1998. – 384 б.
2. Ергөбек Қ. Баянсөз. – Тараз: «Жалын» баспасы орталығы, 2019. – 512 б.
3. Байтұрсынұлы А. Бес томдық шығармалар жинағы. 1-том. – Алматы, «Алаш», 2003. – 408 б.
4. Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармалар жинағы. Мақалалар, хаттар, А.Байтұрсынұлы туралы құжаттар мен материалдар. - Алматы: «Ел-шежіре», -2013.
5. Өртеңге өскен қызғалдақтар.../өлеңдерді жинап нотаға түсірген Г.Бәйтенова; Алғы сөзі мен ескертулерін жазған Ә.Мұхамбетова, Г.Бәйтенова; «Хат-өлең жанрының генезисі» атты мақала – Т.Әсімқұлов. – Алматы: ТОО «Дайк-Пресс», 1995. – 160 б.
6. Имаханбетова Р.С. Ғасыр саңлағы: Ахмет Байтұрсынұлының ғұмырбаяны (мұрағат деректері негізінде). Монография. – Астана: «Педагогика ПРЕСС», 2010. - 304 б.

БАЛА ТӘРБИЕСІ МӘСЕЛЕСІНДЕГІ АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ИДЕЯЛАРЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СИПАТЫ

Маталиева А.Е.

*қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, ф.ғ.магистрі
Б.Момышұлы атындағы №45 қазақ классикалық гимназиясы
Тараз қ., Қазақстан*

Қазақ халқының ұлттық санасы мен рухын жаңғыртудағы өнер мен білімнің теңдессіз ролін атап көрсетіп және соған байланысты ғылыми жүйедегі ой тиянағымен отандық ғылым көкжиегін тың сапада түлеткен Ахмет Байтұрсынұлының ой тұжырымдары ғылыми-танымдық және ұлттық идеологиялық қырынан бірегей. Жаугершілік заманалар салдарынан тұрмыстың тауқыметін тартып, рухани –интеллектілік қауқары кеми бастаған ел-жұртына: «Надандық, өнерсіздік ата жолдасымыз болған соң